

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗК Қоғамдық кеңес алдында 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызмет нәтижелері туралы есеп берді

Эпидемиологиялық жағдайға және коронавирус (COVID-19) індегінен байланысты БЖЗК жаңындағы Қоғамдық кеңестің 17-отырысы онлайн форматта өтті.

Күн тәртібінде бес мәселе қаралды:

1) «БЖЗК» АҚ-ның 2021 жылдың 1 жартыжылдығындағы қызметі туралы есеп.

2) «БЖЗК» АҚ Зейнетақы активтері бойынша 2016-2020 жылдардағы комиссиялық сыйақының төмендеу барысы.

3) «БЖЗК» АҚ-ның 2016-2020 жылдардағы әкімшілік шығыстарының төмендеу барысы.

4) «БЖЗК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын талқылау.

5) екі онжылдық ішіндегі ЖЗЖ: қандай болжамдар жасалды және олар қаншалықты орындалды (актуарлық есептеулер және 1998 жылдан бастап тұрақты түрде зейнетақы жарналарын төлеген және ағымдағы жылы зейнетке шыққан салымшылардың мысалы негізіндегі жарналар мен инвестициялық табыстың арақатынасы).

Бірінші мәселе бойынша «БЖЗК» АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры Камиля Фазылова сөз сөйлемді. Ол Қордың 2021 жылдың 6 айындағы қызметі туралы есеп берді. Есепке сәйкес, ағымдағы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша БЖЗК салымшыларының шоттарында 12,8 триллион теңге сомаға зейнетақы жинақтары қалыптастырылған. Бір жыл ішінде, яғни 01.07.2020 жылдан 01.07.2021 жылға дейін сома 1 трлн теңгеге немесе 8% дерлік ұлғайды. Зейнетақы жинақтарының айтарлықтай өсімі таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді, ол 2021 жылғы 1 қаңтар мен 1 шілде аралығында 753,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 39% немесе 210 млрд теңгеге артық. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруымен БЖЗК зейнетақы активтері бойынша кірістілік жыл бастап 1 шілдеге 6,1%, ал инфляция 4,6% көрсетті.

Сондай-ақ, салымшылардың жеке зейнетақы шоттары бойынша статистика келтіріліп, салымшылардың белсендерлігі талданды, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі, жинақтар сомасы және т. б. құрылымдар назарға ұсынылды.

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй және емделу үшін мерзімінен бұрын пайдалану, сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын инвестиациялық портфельді басқарушы компанияларға аудару тақырыбына ерекше назар аударылды. Есепке сәйкес, өткен жарты жыл ішінде біржолғы зейнетақы төлемдері мен ИПБ-ға аударымдар жасауға қол жеткізе алғын салымшылар саны 1,2 млн адамнан 1,3 млн адамға дейін өсті, бұл ретте қолжетімді сома 2,8 трлн теңгеден 1,9 трлн теңгеге дейін төмендеді. Сонымен қатар, БЗТ пайдалану қарқынының жыл басындағы көрсеткішпен салыстырғанда төмендегені атап өтілді.

БЗТ және ИПБ-ға аударым жасау, БЖЗК-ның салымшылар мен алушыларға қызмет көрсетуі, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және т. б. бойынша жүргізген жұмыстарының өзекті статистикасы мен талдауы келтірілді. Баяндама соңында Қ. Фазылова қатысушыларға БЖЗК жұмысындағы заңнамалық өзгерістердің іске асырылуы, атап айтқанда: кесте бойынша төлем әдістемесіндегі өзгерістер, талап етілмеген зейнетақы төлемдерін қысқарту, ерікті зейнетақы жинақтарын дамыту, ЕАӘО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің іске асырылуы туралы баяндал берді.

БЖЗК қоғамдық кеңесінің отырысы барысында ҚР зейнетақы заннамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар айтылды. Мысалы, мұрагерлерге төлем жасау рәсімдерін оңтайландыру. Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың қаңтар айында Әділет министрлігі, Республикалық нотариаттық палата, ҚРҰБ және БЖЗК-ның бірлескен жұмыс кеңесінде 2021-2022 жылдары

нотариат туралы заңнамаға, оның ішінде нотариустар «Е-Нотариат» АЖ-ға тіркейтін ақпарат құрамына өзгерістер енгізу туралы келісімге қол жеткізілді. Олар бойынша, БЖЗК-да мұрагерлердің ЭЦҚ-сы болған жағдайда оларға төлемдерді электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады. Қазіргі уақытта мәселе ҚРҰБ, ҚНРДА, ЕХӘҚМ, Әділет министрлігі және басқа да мемлекеттік органдар деңгейінде талқылануда.

- *Эрине, біздің есеп қарапайым көрінуі мүмкін, бірақ ағымдағы жылдың бірінші жартышылдығы біздің Қор үшін өте белсенді болды. Қоپтеген міндеттер іске асырылды, мысалы, зейнетақы жинақтарын түргын үйге, емделуге және басқаруышы компанияларға аудару. Салымшилар мен алушылардың өтініштерінің саны екі есе өсті, мемлекеттік органдармен және қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүйелер интеграцияланды, біз қызметтердің басым боллігін онлайн форматқа аудыстырық, сондықтан қойылған міндеттерді бірлесіп орындадық деп санаймын, -* деп түйіндейді «БЖЗК» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов.

Екінші мәселе бойынша «БЖЗК» АҚ Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаментінің директоры Зарина Байғалиева сөз сөйлеп, 2016-2020 жылдардағы комиссиялық сыйақының төмендеу барысы туралы айттып берді.

Жылдар бойынша салыстырмалы кесте ұсынылды, онда комиссиялық сыйақы сомасы 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін қалай төмендегені көрсетілген.

Қоғамдық кеңес мүшелері үшін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭҮДҰ) және т. б. түрлі елдердегі комиссиялық сыйақы бойынша салыстырмалы кесте келтірілді. Қазақстандағы комиссиялар құны басқа елдерге қарағанда айтарлықтай төмен екені атап өтілді

Жанат Құрманов өткен жылдар ішінде БЖЗК-ның комиссиялық сыйақысы айтарлықтай төмендегенін және өткен 2020 жылы өзінің ең төменгі деңгейіне жеткенін атап өтті. Бұл ретте заңнамаға өзгерістер енгізілді, оған сәйкес 2021 жылдан бастап БЖЗК зейнетақы активтерінен 0,01% мөлшерінде ғана комиссиялық сыйақы алады. Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақыны Ұлттық Банк сенімгер басқаруушы ретінде және инвестициялық портфельді басқарушылар белгіленген мөлшерлемелерге сай алады.

Ушінші мәселе бойынша «БЖЗК» АҚ бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасының бастығы Айгүл Жүсіпова сөз сөйледі. Оның баяндамасында Қордың 2016-2020 жылдардағы әкімшілік шығыстарының төмендеу серпіні атап өтілді. Бизнес-процестерді оңтайландыру, цифрлық қызметтерді енгізу, өңірлік желіні қайта қарау нәтижесінде шығыстар осы кезең ішінде 1 292 млн теңгеге немесе 10% қысқарды, оның ішінде қызметкерлерге арналған шығыстар 1 262 млн теңгеге немесе 14% қысқарды.

- *Егер кез-келген компанияны қарастыратын болсақ, онда оны қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар, ең болмаганда, дагдарысқа (тауарлар мен қызметтер бағасының көтерілуі) сай өсуі керек. Сондықтан БЖЗК жаңа міндеттер мен тапсырмаларға қол жеткізген кезде, біз оларды шығыстардың механикалық өсуімен емес, электрондық қызметтер мен автоматтандыру сияқты технологиялық шешімдерді енгізу арқылы жабуга тырысамыз. Сондықтан біз сапаны төмендепей, шығындарды оңтайландыру бойынша үнемі жұмыс жасаймыз. Жағдай ұдайы бақылауымызда, шығыстарымыз алынатын табысымызбен сәйкес және біз қатаң түрде Директорлар кеңесі бекітетін бюджеттеп жұмыс істейміз, -* деп атап өтті Жанат Құрманов.

Күн тәртібіндегі тәртінші мәселені «БЖЗК» АҚ комплаенс және сапаны бақылау басқармасының бас маманы Диляра Мұхамедеева көтерді және талқылау үшін «БЖЗК» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттын ұсынды. Ол Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленді және оны Қоғамдық Кеңес макулладады.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе - салымшылардың зейнетақы жинақтарының есебін мысалға ала отырып, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жылдық тарихына шағын шолу жасаган Камила Фазыловага берілді. Жүргізілген есептеулердің басты нәтижесі - жинақтардың жиынтық сомасы және соның салдары ретінде БЖЗК-дан төленетін төлемдердің мөлшері мен ұзақтығы зейнетақы жарналарының толықтығы мен жүйелілігіне байланысты болды.

Отырыс соңында ҚК мүшелері ҚК отырыстарын өткізудің ұйымдастыруышылық сәттерін талқылады.

Отырыстың барлық материалдары enpf.kz сайтындағы «Қоғамдық кеңес» - «[Отырыстардың хаттамалары, тұсаукесерлер](#)» бөлімінде берілген.

БЖЗК жанындағы Қоғамдық кеңес – жинақтаушы зейнетақы жүйесі (ЖЗЖ) бойынша азаматтық қоғамның (салымшылар мен алушылардың) пікірлерін зерделеу, ЖЗЖ жетілдіру жөнінде ұсыныстар өзірлеу, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің бірыңғай ақпараттық кеңістікте жұмыс істеу қағидаттарын түсіндіру және жүе қызметін жетілдіруге серпін беру мақсатында жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қатысушыларын біріктіретін тәуелсіз консультативтік-кеңесші орган.